


1 2004

119 б

Қазақ
прозасы
Казынасынан

Дидахмет
ӘШІМХАНҰЛЫ

Сары самағыр



Дидахмет Әшімханұлы

Сары самағыр

Әңгімелер мен хикаялтар

Алматы
«Раритет»
2006





Казак
прозасы
казынасынан

Дидахмет
ӘШІМХАНҰЛЫ

Сары самағыр

Әңгімелер мен хикаяттар



RARITY
R
PUBLISHING COMPANY LTD

ББК 84(5Каз)7-44

Ә95

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің «Әлеуметтік маңызды
әдебиет түрлерін өзірлеу және шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды**

Серия 2002 жылдан бастап шығарылып келеді

Серияның негізін салған *З. Серікқалиұлы*
Көркем безендірмесі негізін салған *А. Тіленшиев*

Әшімханұлы Д.

**Ә95 Сары самауыр: Әңгімелер мен хикаялтар. — Алматы:
Раритет, 2006. — 336 бет. — «Алтын қор» кітапханасы.**

ISBN 9965-770-27-1

Әдебиет сүйер қауымға есімі 70-жылдардың аяғынан бері жақсы
таныс жазушының бұл жинағына оқырмандар мен әдебиет сыншы-
лары тараپынан әр кезде жоғары бағаланған «Босага», «Жер анса-
ған Сарыатан» хикаялтары мен «Сары самауыр», «Ақ инет», «Жы-
лыжайдың» кіяры», «Аққабаның толқыны», «Тон» секілді әңгімелері
топтастырылып отыр.

Мұндағы шығармалар жоғары идеялдығымен, әуезді де ырғакты
тілімен, стилистикалық орындалу шеберлігімен ерекшеленеді.

ББК 84(5Каз)7-44

Ә 4702250201—27
413(05)—06



ISBN 9965-770-27-1

© Әшімханұлы Д., 2006
© «Раритет» БҚ, 2006
© Безендірген М. Палаткин, 2006

ТҮСПАЛДЫ ТҮЛҒА

Уақытын минутпен өлишеп, сөзін ширак қайырып, ісін таптүйнақтай жинақы бітіріп, тынысыңды тарылттай сөйлесіп, сені де еркінсітейтін және өзі де еркінсімейтін, бірақ бойын еркін ұстап, содан кейін келгеніне де, кеткеніне де салмақ сала өкіндірмей, емеурімен гана жсаныңды баурап, жсан түкпірінің тазалығына сендеріре, айылын тез жиып, шыбырын жеңіл қағып жүріп кететін Дидахметтің тұла бойында бір тылсым да сипатты мінез бар. Мұндай елгезектік — сөйлемі құрмалас, сөз құрамы шиырлы, ойын түсіну ауырга согатын, ұзагынан оратылып тура жолға түсетін, тұтығып от алатын біз сияқтылардың қоңіліне қонып, айызын қандыра бермейді. Өзіңнің бір сөзің айттылмай қалғандай, ол бір сөзді айттай кеткендей сезінесіц.

Кейде сагынып жүріп, кейде тарынып жүріп, аңсарыңды басқың кеп ағындан жарылып ақтарыла берген сәтіңде... уаймыңды ыдыратып, сенімсіздігіңді сейілтіп, ақыл айттай нандырып, шешім шыгармай-ақ шырмауық ойыңды жөнге салып, тарамыстың ширатылып келіп, сені де тарамыстың ширатып кетеді. Сырдансыды дейін десең — сырлыңды қозгайды, сырт тартты десең — сырын ашады, тереңдемеді дейін десең — дерптіңнің тамырын басады. Ол кеткен соң жүрегінде шымыр-шымыр етіп шиаралы сезім қалады...

«Ол шиарасы не шара, ол емеуіріні не емеуірін өзі? Дегім келіп жүріп: жсан сырын жазғанынан жасасырып қала алмас. Мүмкін, бар гәп, кілт-кілтипан сонда болып жүрмесін» деп өңгімелерін нарақтай бастадым... Йә, бар гәп, Дидахметтің өз кілті де, кейіпкерлерінің кілтипаны да сонда, соның ішінде екеуінің де емеуірінінде болып шықты.

Ал емеуірін дегеніңіз істің ыңғайы, сөздің төркіні, үнсіз үкім. Зілі ауыр, дығы мол, астары аманатты ұғым.

Бұрын Дидахметтің өзін де, көркем сөзін де жсанымның туыс түйіршігіндей сезіп, ол суреттеген маралдың лагы мен шымсыз бұлагын, мұбарақ жсанына мәңгілік аңсар мен қиянаттың сыйаты енді гана түскен өспірімдерін, қамсыз аңқау қарты мен алаңгасар ағасын, сырты ынжық — іші алmas ағайынын, ажары ашық — өзегі ез ереккестерін, дәмелендіретін келіншектері мен дәмелі жіліттерін, тіпті кержақтарын да етенемдей көре-тінмін. Ол бейнелеген табигат көріністеріндегі бір асуудың ар жасынан ашыла кететін аңгар да, кейіпкерінің келесі әрекеті мен айтатын сөзі де, шиырын тастайтын емекстіуі де мен елестетіп немесе күткен тұстан шығатын. Арман ортақ, ағайын ортақ, ортамыз ортақ, дос ортақ, бірақ... өмірдегі түйсігің мен тұщымыңың өнерде тұспалдасуы (Дидахмет: «мұнда бір шикілік бар» десе де) тылсымның тылсым бұйрығы сияқты. Дидахметті қайдам, өзім сезінген бұл тұспалдың «емеуірінің» ақыры оның шыгармаларын сұыртпақтап емес, қайыра сыйра оқып шыққаннан кейін гана түйсіне түсіндім.

Сейтсем, ол өзінің пәндешилік қалпы мен мінезін қалыптастырmas бұрын ішкі көркем әлемін жүйелеп, жұлгеге түсіріп алғышты. Сол сизган көркемдік жүйенің қатаң тәртіпке құрылғаны, мақсатына қапысыз берілгені, өнердегі мақсатының өз өмірімен астасып кеткені сондай, әуелі де мұның жсан дүниесінен бөлініп шыққан кейіпкерлер енді Дидахметтің, өзін бауырына басып, ортасына сіңіріп алып, мұның өзін тәрбиелепті. Сөйтіп, жазушы Дидахмет иен Әшімхан ақсақалдың ұлы Дидахметтің тұмысы тұмastaсты барып, бір тұлғага айналған екен. Өзімен әңгімелессең — кейіпкерлері, шыгармасын оқысаң — өзі көз алдыңа елестеп, жсаныңмен жсанасып тұратыны сол екен.

Бұл — шыгармашылық психологиясында кездесетін, алайда қазақ қаламгеріне жұға қоймаган гадет еді. Өнер адамдарының жсан дүниесіндегі тылсым құтияның бірі — тұлғалардың тұмасуы немесе тұлғалардың қос жарылуы деген шетін психологиялық-философиялық ұғым содан туындаған. Шукіршілік, Дидахметтің өмірлік-өнерлік мақсатына адалдығының арқасында ол өзінің көркем жүйесін толық қалыптастырып, тіршілігінің мағынасын — өнерінен, өнерінің мағынасын — тіршілігінен табатын тұмastaстықça жетіпти.

Бір жілітің бойынан табылатын мұнданай сабактастық қазіргі қаламгерлердің бойынан сирек кездеседі.

Өмір мен өнердегі уақыт үйлеспейтін өлшемдер. Көркем туындыда шығандап кеңістікке де шығып кетесің. Ал Дидахметте

ондай өлшеусіз уақыт та, кенересіз кеңістік те жоқ. Өзін қалай тіршілік ережесіне багындыrsa, кейіпкерлері де өмірдің етегінен мықтап үстап алып, өзіне болған уақыт аясынан аспайды. Ойында әбден шиыра сабактап алған оқига жібін талғамның көзінен өткізіп, сондай үқытты және епті саусақпен өмір-уақытты іліп алады да, сөз берін сөйлемінің жатығын келтіре жөргей жөнеледі. Психологиялық шегініс, авторлық, баяндау, кейіпкер толғанысы сияқты көркем құралдарды оқырманың көзі мен қоңлі бір-бірінен көз жасып қалмайтындаи мөлшерде гана пайдаланады да, оқига не үшікыр ой өмірде осынша уақыт алады-ау деген сәтте кейіпкерін келесі желіге аудыстыра қояды. Жүйекенің бір тамырына ілінген алғи жіп санаңа салмақ салмағанымен, зейініңді өзіне қарай жетелеп, жіңісте тартып, ең соңында гана болар-болмас қып солқ еткізеді де, сабагынан сурылып кете береді. Тек жүргегіңде өзіңе белгісіз әсер қалады. Әңгімеге тақырып етіп алған тоннның, медальдің, тістің, самаурының, қияр мен иттің, бар мен жақттың шыгармада не сенің өзіңе қандай қатысы барын қайта оқып барып, емеуірінін гана сезінесің. Осы кезде «өзің білесің» арыга басып ақыл айтпайтын, өзіңің пікірін емеуірінімен-ақ, багана білдіріп қойған Дидахметтің ишарасы есіңе түседі.

Ал жазушының міндемі қайтып өмір сурған туралы үкім шыгару емес, соган ой салу екенін ескерсек, біздің досымыз екі мақсатына да жеткен болып шыгады.

Адам мен адамның арасындағы әңгіме мен көркем шыгармада әсерін арттырып-бәсекедемтіретін, өзегінді қызыдырып-суыттын және сендеріп не сезіктендіретін шетін психологиялық жесі — адамның сөйлеу мәннері мен жазушының жасырын «мені», екі арадағы көзге көрінбейтін сыралғы мінез. Бұл ретте де екі Дидахмет жоқ. Ол мәселені бұлдырлатпай бірден: «Әсілі, пәле деген сайтаның жүрмейтін жері, ұрынбайтын адамы жоқ шыгар. Жоламанның жолын тосып жеткісан сайтан түкке арзыmas тон болды» деп бастаса — тон, «Қызмет жоқ, жұмыс жоқ, қазан-ошақтың қасында отырып-ақ медаль аламын деп кім ойлаган» десе — медаль, «Дені дұрыс баланың қасқа тісі аиты айлығында-ақ шыгады» десе — тіс, «Бәкең туралы әңгімені сагынып жүремін» десе — Бәкең туралы әңгімесін бастап кетеді. Бірақ бұл оқиганың қалай аяқталарын бірден ашип алған аңқаулыққа жатпайды. Тіс те, тон да, медаль да Дидахмет үшін тігіп қойған қарашыл. Ал тілінің астындағы тыгулы маржанды шыгарманы оқып шыққаннан кейінгі әсерің арқылы гана түспалдай аласың.

Ол сырласымен егіле сөйлесіп, жарыла ақтарылмайтыны сияқты сөзін де, сөйлемін де ширақ құрып, қыстырып қисындырады. Шешенсіп те кетпейді, шебін шетінептейді де. Авторлық мәтіндеріндегі сөз бен сөйлемдерінен ділмарлық шаң берсе де, кейіпкердің сөзі оның мінезімен астасып кеткенде, ешқандай жасандылық байқалмайды. Тура сол арага тек сол сөзді қолдану керек екеніне иланасың.

Ол жазушы мен кейіпкердің, қырыманның арасындағы аралық қашықтықты сондай бір ысылған тәжірибемен қатаң сақтай біледі. Сырттай сезімнен гөрі сырдаңсуга бейім серек сөйлемдермен сені сендіре де, күрсіндіре де алады. Тас моншаның сызынан — тасбауыр жсанның көңіл сизы, кейіпкердің күіп көрмеген тонынан өмірдің ызгары, шықпаган ақыл тістен жетілмеген жете, аттамаган босагадан жетімсіргеген өгей өмір, сарыатаның сагымынан басылмаган сагыныш, дәмі алынбаган дәмегден қанбаган мейір, алып-беріп жарытпаған ағайыннан адамдық сезім лебі еседі. Демек, Дидахметтың дауышыны да, қырыманды да өзінің бауырына тарта баурайды, бірақ сіңіспен кетпейді, ара жігін сақтайды. Казақша айтқанда, ідіріп тартып отырады. Қытықсыз араласып кетуден бойын аулақ ұстайды. Төрін ұсынады, төрелік айтпайды. Оқиғаны тарқатып бермейді, түйиншегін мегзейді.

Бұл оның көркем ойлау жүйесінің басты қагидаларының бірі. Соны өмір сүрудің де бір тәсіліне айналдырып алған сынайы да бар.

Мінез — тұмыстық қасиет. Көркем шыгарманы бабына келтіретін оқиғаны қозғалысқа түсіретін піскек. Каламы кірпияз Дидахмет кейіпкердің мінезін көркем шешім деңгейіне дейін жеткізе білетін санаулы санаткер. Мінез демекші, Дидахметтің сөзінде де, сөйлемінде де, баяндау тәсілінде де өзіне тартқан мінезі бар. Шебердің баптен қалаган кірпіші сияқты тізілген компоненттердің үйлесімінен автордың көзқарасын табасың.

Ол тағдыр талқысы, өмір қақтығысы, шексіз қуаныш, түпсіз қайғы, магиналы-магынасыз тіршілік сияқты мәңгілік және түбекейлі жауабы табылмайтын ұрақтардың қойып, оны шешшуге үмттылмайды. Балқыған самауыр, сынган ердің қасы, тағылмаган медаль, жеріне жеткізілмеген жсолауши, тапсырылмаган сурет, түспеген монша, қонбаган үй сияқты нақты детальді қарауылга іліп қояды да, қалған ерікті кейіпкеріне береді. Қырыманның қаперінде тұратын өлгі детальді бірі аңгал, бірі аңгарлы, бірі құ, бірі моянштопай, бірі адад Дидахметтің кейіпкерлері күлін не күйініп, үміттенен не түңіліп, сагынып не

сабылып жүріп оған мән бермей ете шыгуы мүмкін. Әңгіме аяқталғанда, сенің жүргегінді мұлдем басқа жай әсерлендіргенін сезінесің. Сонда гана Дидахметтің көздеген жамбысы — тиірменнің тасы болса, тығып қойған маржаны — кейіпкер мінездіңің ағысы мегзеген еменеңнің астынан жылт ете қап, өмірдің көмейінен өтіп кеткенін бір-ак байқайсың. Осынау елеусіз де ескеруыз тағдыр иелері Сапардың, Ақжаннаның, Бәкеңнің, Каббөштің (қараңызы, Қабдеш демей, Қаббөш деуін. Осының өзінде бір кілтипан жатыр), Тілеубердінің, Құлзипаның, Қојықтың сенен басқа ешкім естімейтін: «Кудым сені, сұм дүние, жалықпай-ак, ұстаптайсың судагы балықтай-ак», — деген аң-сарлы сарыны өзегінді жесіл гана дызылдатады.

Шындығында, тіршіліктің тұмқасын шегелеп тұрган да сондай қамқоңіл, қарапайым пендeler екені анық қой.

Жазушы Дидахмет солардың жасына шуақ түсірген гайыптың шырақшысы гана. Ол түсірген шуақ әлгі мүскіндерді жылтыпайды, жсанашырық та танытпайды, жарылқамайды да. Өмірдің түсі қандай сұық болса, жазушы да оларға сондай салқын. Өмір қандай әділетсіз үкім шыгарса, жазушы да оларға сондай бейқам қарайды. Адасып бара жатқан жолынан қайтартып, жөн сілтемейді. Мысалы тағдырының есігін ашип берген Каббөш мұғалімді көргенде, Телжан амандасу керек еді дейді де жүре береді. Бұл арада жазушы қалай ділмарсып, қандай салмақ саламын десе де сыйымды еді. Тіпті оқиғаның өзі соган үранып тұр. Әңгіменің бар кілтипаны осында жатыр. Алайда оған оқырманнаның өзі іштей өкінбесе, Дидахмет сені зорлан өкіндірмейді. Ақыл айтпайды, қалай қабылдасан, солай түсін. Өйткені өмірдің қатал шындығы солай. Барлық шыгармала-рында қаламгер осы қаталдығынан қайтпайды. Өмірде болып жатқан әділетсіздіктің қасынан сені алып өтті. Енді оған қарайлап әділеттілікке шақырасың ба, елемей жүре бересің бе, жөнге саласың ба, ол сенің шаруаң. Жоғарыда айтқан, жүргегінді солқ еткізіп, шанишп алатын кезі де осы тұс. Қалғанын өзің білесің. Дидахметтің жиі айтатын сөзінің бірі де осы «өзің білесің». Артық сөзді түсіндіріп, уақытын шығындан жатпайды. Өйткені кейіпкерге болінген уақыт та сонымен бітіп қойған болатын.

Оның шыгармаларымен таныс болғаннан бергі отыз жылдың ішінде Дидахметтің тізгінің қоя беріп, еркін көслетін шагымды бір шабысын үнемі күтумен жүр едім. Калайда арыны ашилып, аршыны кеңіп, уақыт пен мінездің өлшеміне сыймайтын

көсілісті дүниені өмірге әкеleтін сияқты көрінетін де тұратын. «...Ұшы-қырысыз сары даға. Сары дағаның бір ұшында — сары бел. Сары белдің бауыры — сағым ба, әлде шалқар көл. Шартабақ күн төбеде. Шалқыған ыстық жер-көктө. Табаның тасқа тілдіріп, жанарын жасқа жудырып, маңдайын жел құнсітіп, таңдайын шөл қаңсытып, сар жеселіп келеді Сарыатан. Сары белдің ар жасы — бота күнгі мекені. Бота күнгі мекенін боздан іздел келеді, жүректегі бар шерін қозғап іздел келеді», — деген жыр жолдарын оқыганда, үмітім алдамапты деп қуанып қалып ем. Кателесіппін. Әннің қайырмасы сияқты осынау сұлу ыргақтар ара-арасында қайталанып отырганымен де «Жер аңсаган Сарыатан» хикаяты Дидахметке тән және әбден қалыптанған жез шегемен шегенделе бекіпті. Тақырыбы мен тағдырыбын талқысы да, оқыганың қоюлығы мен уақыт өлишемі де тосын әрі кең болғанымен, көркем жүйенің кестесі өзгермепті. Ездігіне ызаландырып, мысыңды басатын Қожықтың ұлы қасиеті ашилғанда, сүйсінсе — оқырман сүйінер, ал қаламгердің жүргегі жібімейді. Адамның асығ қасиетін оятқан тебіреністі сезімді басыңдан кешуді сенің өзіңе енші етіп қалдырады. Өйткені, ол өзінің жазушылық, парызын орынданап шықты. Мақсатына жетіп тиңди.

Жігіт агасы атаптанған шақтағы дүниеге келген, Дидахметтің көркем жүйесінің кеңістігін кеңейткен «Сарыатандагы» қалам қарымында бір өзгерістің барлығы байқалады. Өзінің де, сөзінің де тізгінің тартып ұстайтын достың дәл қазір өнер жайлайында есіле де, еркін көслептін дер шағы. Жоның жазамын, жосылтып жазамын десе де еркі. Мен түспалды тұлғаның — нысаналы жүйріктің мәтқаптысыз шабысын көргім келеді.

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

ӘҢГІМЕЛЕР

ЗАУАЛ

Шілденің қоңыр салқын мақпал тұні Мұзбелдің сойдақ-сойдақ ит азу шыңдарына жаңағана бауыр басқан шақ. Әлгінде құз жартастардың арасында сымсың-сымсың етіп, бұлғақ қаққан жібек жел де қазір сап тыйылған. Төменде терен шатқалдың ішінде Ақсу күндеғідей арқырап-күркірейді. Бұдан өзге анғарда өктем үн де жоқ — төңірек түгел тып-тыныш мұлгіп жатыр еді. Кенет... Кенет ортадағы үш айыр шыңның басынан оқыс құлаған тас дұбірі мен аңыз айқайдан бүкіл тау дүр сілкінді. Артынша бірін-бірі ілестіріп, етекке екпіндей домалаған тас көшкіні анғарды уыз үйкесінан сілкілеп ала жөнелді. Құздан-құзға секіріп ыршыған қалың қорым қапталдағы шағыл үстінде ойнақ салып, әр жерде бір от шаша Ақсуға қарай актарыла құлап жатыр. Жолында кезіккен ағаштарды батыр-бұтыр сындырып та барады. Енді бір сәт төңіректегі таулар да жанғырығып, тосын дұбірді бірінен-бірі ала қашты; олар да күркіресін кеп, олар да күніренсін кеп... Мұзбел өстіп біразға дейін шошына дірілдеп тұрды да, түк болмағандай манағы бейжай қалпына тұсті. Со-сын тыныштықты басына көтеріп, етек жақтан елік өупілдеді. Ұзак өупілдеді. Сынарынан жауап болмаған сон, не заматта оның да даусы қарлығып, құмыға өшті. Аңғарды тағы да Ақсұдың күркірекен өктем үні биледі.

Кемелдің көз алдында шыр көбелек айналып жатқан сансыз шырақ біртіндеп алыстай берген сияқты... Иә, әне, олар шырқай көтеріліп барды да, шырқау биікке байланды да қалды. Байланған жерде бұны мазақтағандай тұс-тұстан жымындал қоя берді. Артынша Кемелге оның барлығы бұлдырап-бұлдырап, қып-қызыл тұман қойны-

на сіңіп кеткендей болды... Жоқ, мыналар шырақ емес, жұлдыздар төрізді. Әне, ана бір имек шеміш — Жеті-қаракшы емес пе? Дәл өзі. Мына бір жарқыраган үлкен жұлдыз — Темірқазық... Көзі алдаған түрмаса, дүние түгел өз орнында сияқты. Міне, құмыға құркіреген өзенің сарылы да естіледі. Осы сарын Кемелдің құлақ түбін шымшылап, бірде арқырап-құркірей жөнеледі, бірде қыстыға булығып өксігендей болады. Енді бір сәтте үні талып барып, тына қалады. Ол тына қалғанда, жұлдыздар да өлеусіреп өше береді... Жұлдыздар қайта көрінгенде, жаңағы сарын тағы құмыға құркірей бастайды... Қазір ол, тіпті, анық естіліп тұр. Таныс үн, таныс шуыл... Ақсу ғой мынау. Терең шатқалдың ішінде тынымсыз шулап жататын соның сарыны бұл... Апырау, шынымен тірі қалғаны ма сонда? Жаңа ғана құздан құлдырай құламап па еді! Төменде шынырау шатқал еді ғой. Тастан-тасқа соғылып қалай мылжа-мылжасы шықлады?.. Жүргі дүрс-дүрс соғып кетті. Өне бойы дірілдеп, алқына дем алды. Осы сәтте көзіне ацы тер де тамып-тамып түсті. Сұртпекші болып еді, қолы бүйіріне жабысып қалғандай қозғалмады. Ашулага қайта жұлқа тартқанда, өкпе түсінан біреу біз сұғып алғандай тұла бойы солқ ете түсті де, көзі қарауытп кетті. Ақсұдың әлгіндегі сарыны да енді бұдан алыстал бара жатты.

Есін қайта жиған кезде өзіне тұнере төнген үш айыр шынды көрді. Дара... Мұзбелдің ең биік шыны осы. Оның ортадағы зеңгір басының бір жақ шекесінен сынар мүйізденіп ай шығып келеді екен. Кемел төнірегін анық танығанмен, дәл қай жерде жатқанын өлі де білмейді, әйттеуір, бір тар жерге кептеліп қалғанын сезеді. Екі жағында үп-ұзын әлдене қарайады — тас па, ағаш па белгісіз. Не де болса бұны құсына салып, құрсаудай қысып тұр. Ақырын бұлқынып көріп еді, денесі су ете қалды. Бұл жолы аяқтары ғана сәл қозғалғанын байқады. Бірақ осы сәтте тұла бойы солқылдап, тынысы тарыла түсті. Қайта өрекет жасауға шамасы келер емес, қимылдаса болды мына қара пәле құрсаудай қыса түсетін төрізді. Қимылдаған сайын жаны қиналыш барады... Кемел күрсінді. «Тірідей көрге түскенім осы шығар». Суық ой денесін қарып өтті. Осы шақта өзінің күбір-күбір сейлеп кеткенін де анғармады.

«Жалғанда жолың болмас сенің, — деді дірілдей сыйырлап. — Жолың болмас!»

Артынша өз даусынан өзі шошыды. «Құдай-ау, тағы Кәрімнің сөзін қайталағаным не?» Сол албастының сөзі есіне түссе, өзі де елестей қалатынын қайтерсін! Міне, тағы сөйтті.

...Аузы-мұрнынан қан дірдектеп, шегініп барады. Көзінде мөлтілдеген жас. Сол жасты көзін бұған оқтай қадап, аппак қарды омбылап шегіне түседі. Шегіне түсіп, тістене сөйлейді. Сөйлеген сайын көнтіген еріндерінен сорғалаған қаны қып-қызыл бол карға шашырайды.

— Жалғанда жолың болмас сенің, — дейді тістеніп. — Жолын болмас!..

...Кемел кезін тарс жұма қойды. «Қатын!» деді сосын кіжініп, «Тышқан мұрнын қаната алмас қатын!.. Көреміз өлі кімнің жолы болмасын, көреміз. Менің жүргім өзірге соғып тұр. Ол соғып тұрганда көмусіз шіріп, саған таба болмасын!».

«Әул!..» — Кемел ышқынып кеп бұлқынды. Көзінің оты жарқ етіп, денесі бір бүйіріне ауып тұсті. Қолдары да босап шыға келді. Жұп-жұмыр өлденені құшақтап та үлгерген. Құшағындағысын тарс қып қыса берді. Қолын сөл босатса, құздан құлдырай жөнелетін тәрізді. Бір сәт көнірсіген ал-аши иіс мұрнын қытықтайды. Самырсынның шайыр иісі. Кемел енді ғана білді — кептелген жері екі ағаштың ортасы екен. Дараға шығып-түсіп жүргенде, төменде жартастарға жабыса өскен жалғыз егіз самырсынды көруші еді, түнде жогарыдан құлағанда сонын ортасына түсіпті. Бұл тосқауыл болмаса... ит пен құсқа жем болар ма еді, кім білсін? Мандайынан сүп-сүүқ тер тағы бүрк етті.

Кемел ағашқа жабысып ұзак тұрды. Сөл қозғалуға жасқанады. Қозғалса-ак, аяқ-қолы удай ашиды. Әйтеуір, ағашқа қатты жаншылғаны болмаса, сынған жері жоқ сияқты. Тек белі мен кеудесінен жан кеткендей, икемге келер емес. Миы солқылдап, шекесі шыңылдайды. Басын сипап көріп еді, қолы қан үйысқан шашына ілікті. Енді бір кезде буын-буыны дірілдей бастады. Бұдан соң Кемел актық күшін жиып, сырқыраған аяғын төмөнгі бұтактарға еппен сала берді.

Табаны тасқа тиісімен, шалқасынан сылқ ете тұсті. Тас та болса арқасына жұп-жұмсақ тиді. Бойын енді қалай

қозғаса да өз еркі. Еркіндікке, шіркін, не жетсін — кеудесін кере дем алды. Осыны күткендей сай жақтан жылы жел есті де, самырынның қылқан жапырақтары баяу сыңси бастады. Ақсұдың сарыны да құлаққа тым жағымды естіледі. Құркіреп жатыр, жарықтық, құндеғідегі құркіреп жатыр: жай ғана құркіремей анғарды құмбір-құмбір күйге бөлел жатыр. Әне, Жетіқарақшы да құндеғідегі жымын қағып, Дарапың басына шығып алыпты. Дәл төбеде қара көк аспанды қақ бөліп, Құс жолы арқандай шұбатылады... Кенет Кемелдін есіне қайыс арқаны түсті. Ол да өстіп қай жерде шұбатылып жатыр екен қазір? Бір адамның құны еді, сасық текенің мүйізінде қор боп кетті ақыры. Арқан болғанда қандай десеңші! Кемел оны құзде ғана өгіз терісінен төрт таспалап өріп еді, кемінде жиырма құлаш болатын. Бұғінгі бар мұхнатты да содан көрді емес пе...

...Тус әлетінде мына Дарапың құнгей бетінде суырға қақпан құрып жүрген. Құтпеген жерде жоғарыдан естілген дүбірге елең етті. Жалт қарағанда, өз көзіне өзі сенерін білмеді — мүйізі арбиған бір сұр арқар шыңға қарай ойнақтай көтеріліп барады екен. Әне-міне дегенше, ол Дарапың оң жақ иығына қасқайып шыға келді. Неше жыл аң аулап жүріп, бұл анғардан суырдан өзге мақұлық кезіктірмеген-ді, мынаның ауып келгені анық. Дереу мылтығын алып, тастардың тасасымен өрлей жөнелді. Бірде енбектеп, бірде етпеттеп, оқ жетер жерге жетті-ау, әйтеуір. Сонан кейін көзін сығырайтып, кос өкпенің тұсын қарауылға алғаны сол — бәтшағар, әлденеден сезіктенді ме, секіріп түсіп қас қағымдағайып болды. Кемел бармағын тіstedі де қалды. Өкінді не, қойды не, енді оның көрінуі екіталай... Ентігін басып отырғанда, Кемелге тағы бір үміт оты жылт етті. Егер ол бұл жерде тұракташ жүрген болса, бұдан қашып құтылмасы хак. Ендеше төніректен із қарау керек...

Кемел шыңға өрлеген сайын алдынан із көбейе берді. Із көбейген сайын жаңағы өкінішін де ұмытып, ай мүйізді бұғін артына бектеретініне құмәнсіз сенді. Алқынған аптааптың беті қайта оқ атар онтайлы жерді де тапқан... Екі жақпар тастың ортасындағы тар қуысты арқар шиырлаптақ тастапты. Шыңға шығып-түсіп жүргенде, ол үнемі осы қуыстан өтетініне Кемел шәк келтірмеді. Өзі тәменгі жақпар тастың үстіндегі қалың аршаның ішіне кірді де, ар-

қардың қайта келуін дегбірсіз күтті. Бірақ ол жуық арада көрінбеді. Құте-қүте өбден шаршаған бұның ымырт үйірле кірпігі іліне берген. Тосын сыйдырдан селк етіп, тәмен үңілсе, күткені қаперсіз өрлең келеді. Қолдары дірілдеп, қақ мандайды қарауылға алды. «Бұйыртып жегісін, аллактар!» Шүріппені тартып қалды. Мылтығы шырт етті де, тынды. «Мынау қайтеді, ей!» Затворды қайта қайырып, басып салды. Мылтығы тағы шырт етті де тынды. Атылмады. Бұдан басқа жаңында патроны да жоқ-ты, мана бәрін суырга жұмсаған. Бұл уақытта арқар да сезіктеніп тұра қалған. Мұйізін селтендетіп біраз тың тыңдаған соң, тағы алға басты. Кемел жан дәрмен беліндегі арқанын қолына алып, ол тар қуыстан өте бергенде, иіріп-иіріп тәмен тастап жіберді. Арқар алдыңғы аяқтарын тік көтергенше, арқан тұзак мұйіздерін қысып та үлгірген. Бұдан соң ол бұлқына секіріп, жалт бұрылды. Жалт бұрылғанда, Кемелдің қолынан арқаны жылп етіп шығып кетті де, өзі тас үстінде мелшип қала берді.

— Жалғанда жолың болмас сенің! — деді сосын күбірлеп. — Жолың болмас! — Осы сәтте тағы Кәрім елестеді... Аузы-мұрнынан қаны дірдектеп, бұдан шошына шегіншектеп барады. Шегінген сайын тістене сейлейді.

— Жалғанда жолың болмас сенің!..

Кемел тасқа шырт түкірді. «Кәреміз әлі, кімнің жолы болмасын, кәреміз, — деді іштей кіжініп, — менен сен қашып құтылғанмен, арқар қашып құтылмас!..»

Бұл уақытта тәнірек қарауыта бастаған еді. Кемел ендігі азапты шыңдан түсерде көрген. Аяқ басар алақандай жерді анық көре алмайды, тастан-тасқа тәуекелмен секіріп түседі. Сонаң кейін алдың сөл бағдарлап алып, тағы тәмен сүйретіле сырғиды. Қия беттерден жартастарға жабысып өрен өтеді. Өстіп келе жатқанда, табан тіреген бір тасы төңкеріліп түсті де, тасыр-тұсыр домалай жөнелді. Бұдан соң ақтық рет ашы айқайлағанын ғана біледі...

— Сүмдышқ-ай, өстіп жүріп бір күні ит пен құсқа жем болатын шығармын!

Кемел тұншыға күбірлеп, шекпенін басынан сыптырып таставады да, тұңғық аспанға тұнжырай көз тәңкерді. Ай төбеге шығып алышты. Бозамық сөүле астында тәнірек балбырап үйып тұр. Тәменде шатқалды басына көтеріп, Аксу бәз баяғысынша құмбір-құмбір күркірейді. Сол шат-

қал жақтан ескен салқын самал жібектей үлбіреп, бетті желпиді. «Мыж-мыж болып жатсан да, тіршілігіне шіркін, не жетсін!» Кемел тәуба айтып, бетін алақандарымен сипап қойды. Не керек, дұшпанға таба болмай, әйтеуір, тірі қалды фой. Мана жоғарыдан құлағанда, мына ағашқа ілініп қалмаса... ертеңгі күні Кәрім қарқ-қарқ құлдер еді?.. Сол сілімтікті өткен жылы несіне жолдас етті десеңші! Енді, міне, қарадай ауруға шалдыққандай болды: қыл-аяғы аты сүрініп кетсе де, көзіне Кәрім елестейді. Ол елестесе «Жалғанда жолың болмас» деп күбірлеп қоя бергенін де анғармай қалады.

Бұрын анға үнемі жалғыз шығатын. Былтыр осы Мұзбелге аттанарында «ағакелеп» коймаған соң, амалсыз ертіп еді оны. Өзінен мүшел жас кіші мелжемді жігіттің бір пайдасы тие ме деп те ойлаған. Шүкіршілік, екеуінің қанжығасы қарашаға дейін жақсы майланды. Оған дейін араларында кикілжің де болған жок. Қарашаның басында жайлауға қар да түсіп ұлгерген. Кемелдің күткені осы еді. Бес-алты күннен соң ұлпа қар сүрлене бастағанда, Кәрімге бұл:

— Қанжығана құрек байла! — деді кезекті анға шығарда.

— Оны қайтеміз? — деді ол таңданып.

— Байла деген соң, байласаңшы! — деп Кемел қулана жыミған. — Бүгін бір қызыққа батқалы тұрмыз фой.

Кәрім де жымиып қойды. Сыралғы аңшының «қызықтарын» жаз бойы талай көрген. Бұл қызықты да тезірек көруге асықты...

Желе жортқан екеуі тұра осы Дарапың құнгей етегіне жеткенде ғана ат басын ірікті. Сонаң кейін Кемел қар бетінен жылдағы өзіне таныс белгіні іздел, төнірегін ұзак шиырлады. Ақыры қазан-ошактың көлеміндегі бір жайдақ шұңқырдың жанына тоқтады да:

— Осы жерді дөнгелетіп қаз! — деді мұртын шиыра жымиып.

Кәрім қары еріп, шөгө бастаған өлгі жерге таңдана қарап біраз тұрды да, апаш-құпащ қаза жөнелді. Әп-сөтте шұңқырдың қарын аршып тастаған соң, құрегі жұпжұмсақ топыраққа бойлап кіре берді. Тағы кішкене қазғаны сол — кенет топырақ астынан шиқ өткен ашы үн естілді. Кәрім курегін жұлып алып, бұған шошына қарады.

— Қаз! — деді Кемел тағы да мұртын шиыра жымып. — Қаз! «Қызықтың әкесін қазір көресін» деп түр ішінен.

Көрім тағы қаза бастады. Қазған сайын ашы үн жиілеп барады. Біреу емес, бірнешеуі шуласын кеп.

— Апыр-ай, мынаның астында не бөле жатыр еді?! — деп Көрім бір сөт күргегін тастай салды.

— Әкел, бермен! Қорықсан, мен-ак қазайын!

Іннің бетін бұл да аршып бітті, ар жағынан керіскедей бес суыр тік түрдү. Тік түрдү да, бірін-бірі құшактап, шырылдады-ай дерсің. Мұндай кезде олардың жан сауғалайтын бар қайрандары осы, қашып кете алмасы Кемелге бұрыннан белгілі. Сондықтан өлтіруге асықпады, Көрім қызығын аяғына дейін көрсін деп ойлады.

— Сұмдық! — деді Көрім бір уақытта құлағын басып.

— Не сұмдық? Кешегі өзің атқан сұырлардан қандай айырмасы бар бұлардың?

Сұырлар әлі біріне-бірі жабысып, шырылдап түр. Өлтіргенше үндері өшпейді енді бұлардың. Алдыңғы таңдары дәл бесіктегі сәбидін алақандары сияқты. Алдыңғы аяқтарымен бірін-бірі құшактап, безек қағады. Құшактасып тұрып, көздерінен жас парлатады, өлетіндерін сезіп көрісп-коштасып жатқандай. Бұдан өрі көруге Кемел де шыдай алмады, камшысының тобылғы сабымен біреуінің тұмсығынан салып жіберді. Ол мұрнынан қара қаны ағып, аяқтары тырың-тырың етіп сылқ құлады. Қамшысын қайта көтергенде, Көрім шап берді.

— Ағатай-ай, рақым етіңіш! Өлтірменізші, ағатай-ай!

— Кет! — деді бұл оған оқты көзін қадап. — Тышқан мұрнын қаната алмасаң несіне аңшысың, кет! — Қайырылып кеп, екіншісін ұрды. Тырбандал ол да құлап түсті.

— Ойпырмай, аясаңыз етті! Сіздің де бес балаңыз бар еді ғой!

— Өй, шірік неме! Мениң балаларым бұлар құсал інде үйлігып жаттайтын. Шетінен қасқыр, білдің бе, қасқыр! — деп бұл қамшысын үшінші сұырга көтере бергенде... желкесінен тиген ауыр соққыдан етпетінен түсе жаздады. Жалт бұрылса Көрім жұдырығын түйіп алып, тағы үмтілlyп келеді екен. Бұл көз ілеспес жылдамдықпен ауыздан сылқитып жібергенде, ол шалқалап құлай берген.

Содан кейін бесеуін де тырайтып тастап, Көрімге бұрылса, көзінен жасы сорғалап, шегіншектеп барады екен.

...Шығыс көкжиек бозара бастағанда, Кемел қалғып кеткен еді. Оянғанда күн недеуір көтеріліп қалғанын байқады. Мандайы тершіп, рақаттанып жатыр екен. Орнынан созалаңдай тұрып, жартастың кемерінен төменге үнілді. Жалама құз. Шынырау шатқал. Етектегі Ақсұға дейін сойдақ-сойдақ найза тастар...

Жүргі дұрс-дұрс соғып, тез кері бұрылды. Сосын маңайынан мылтығын іздеді, бір жерде ілініп қалмады ма деген есек дәмесі де. Таба алмады. Беліндегі балтасынан өзге қаруы қалмапты. Бәрінен де мылтығы жанына батады. Ондай тұзу мылтық табу қайда енді!

Кемел дереу шыңға шығатын саңылау іздеді. Екі жағы жалама құз. Алдында үйдегі құлама жартас. Әттең, осының үстіне шығып алса, арғы жағы — күндегі жүрген жері ғой... Сәл ойланып тұрды да, балтасын суырып алып, егіз самырсынды түбінен қаршылдатып шаба бастады. Біраздан кейін тасқа құлаған егіз самырсынмен өрмелеп, тар куыстан шығып та кеткен...

Күн қызыарып батып барады. Кемел кешегі екі жақпар тастың бауырында таңертеннен жасырынып жатыр. Атаңа нәлет, күткені әлі көрінер емес, жолын қарай-қарай дымы құрып бітті әбден. Сәл сыйбыр естілсе елең қағып, жүргегі дір ете түседі. Үақыт та болдырған аттай жүйкеге тиіп, жылжыр емес. Етпеттегі жата бергенге, белі құрғыр удай ашиды. Не де болса тұрып, бойын бір жазып алса қайтер еді?.. Шынтақтап кеудесін көтере берді. Артынша селк етіп, қайта бұқты... Келе жатыр. Дәл өзі. Өрем катқыр неме, маңайына сезіктене қарап, тым ақырын басады. Әне, артында шұбатылған арқаны да көрінеді. Өзінің қайыс арқаны... Апыр-ау, тоқтағаны несі мынаның? Кейін қаша жөнелер ме екен? Жоқ, тағы алға басты... Міне, жанынан өтіп барады. Өтсін, өтсін кішкене... «Уа, сәт!» Кемел орнынан тістене тұрып, алдына етпеттінен құлады. Қолы арқанға дөп тиді. Лезде оны беліне байлап жіберіп, табандап тұра қалды. «Енді қайда қашар екенсің, бәлем». Арқар секіріп тік көтерілді де, шалқалай құлады. Соңан кейін атып тұрып, алдындағы қияға қарай шоршып ала жөнелді. Табандап тұруға шамасы келмеген Кемел де дедектеп, сонынан қиялай тартты. Арқар тастан-тасқа секіріп, шырқап барады. Тоқтауға дәрмен жоқ, бұл да арқаның бір үшінда мatalып, қаңбақтай үшіп келеді. Өтіп бұлар Дарапың

арғы бетіне өткенде, арқар мұлде күш алды, еңіске қарай тұқырайып шапсын кеп... Міне, кешегі өзі құлаған шыңға да тақап қалды. Бұл арқанды барынша тартып, етпеттең жата кетті. Осы сәтте арқар омақаса құлады да, дәл кешегі Кемел үшқан жерден ол да домалап барып бір-ақ үшты. Беліндегі арқанын шешіп ұлгерменең Кемел де, екінші рет тағы сол тұстан құлап бара жатқанын бір-ақ білді.

Бірақ бұл жолы құздың аузында қол созатын қос са-мырсын жоқ еді.

ЖЕТПІС АПА

— Айнакөлдің үстінен қаз қанқылдап, тырналар қиқу салды.
— Қош! — деді Жетпіс апа. — Қайырылып сендер кел-генде қанатсыз мені көрер ме екенсіндер бұл жерден.

— Қайтқан құстар шың басындағы қорғасын бұлттың қойнына сіне берді.

— Қош! — деді Жетпіс апа тағы да.

Суықтебеден суық жел есіп, жағадағы жалғыз көрі қа-йыңыңың сидіған қу сабақтары сыңсыды.

Жетпіс апа да өмірінің ең соңғы күзімен қоштасқандай боп еді...

* * *

Жатаған үйдің жалғыз терезесін мұзбен құрсаулап, онсыз да жермен-жексен шаңырактың белін қармен ма-йыстырып көрлі қыс келді. Ала жаздай Айнакөлдің жаға-сынан тірнектеп жиган шүйкедей шөбін жұлмалап, Жетпіс апаның жүйкесін жейтін ақ бораны тағы бар. Шукіршілік, өлтірмейтін күйкі тірлік бұған да сүйреп жеткізді. Өзір желтоқсанның басы ғана, Алтайдың алты ай қысы алда жатыр. Оған дейін өлі кім бар, кім жоқ.

Бүгін жұма. Жетпіс апа сергек тұрған. Қорадағы бір-екі қойы мен қасқа сиырын жайлап тастап, шайға отырғанда да, өзін бір тұрлі көңілді сезінген. Ойда жоқта шекпенінің етегіне шалынып, Қасен шал жетті.

— Төрлет, төрлет, — деді Жетпіс апа. — Өзім шақырып алайын десем жүгірте қоятын қолдаяқ та жоқ.

— Құрдас, қалай, қуаттымысың? — Қасен шал сөйлей жүріп, етек-женін жинады да, төрге барып жайғасты. —

Қоңсы отырсақ та қол тимейді!.. Қайда-а-а-ан, мына қысқалтыраған біз секілді кәрі-құртанаға мүн болды емес пе...

— Қөненің көзі едің, аруақтарды ауызға алыш, дәм таталық, асықла, — деді де Жетпіс апа бүкен қағып, ас қамына кетті.

Шал шаруасының жайын, белдің сырқатын, берекесіз ағайынға деген өкпе-сықпасын тауысқанда, буы бүркүрап ас та келген. Қайың қара табақтағы жамбастың өзіне қараған мырза басына тамсана бір қарады да, аруақтардың атына көшті.

— ...Сандыбай ұлы Сабыр. Сабыр ұлы Жетпіс...

— Тоқта! — Жетпіс аpanың жаюлы алақаны дастарканға құлап түсті. — Сандалып отырғанын не, құрғыр! — Жетпіс өлді деп кімнен естіп ен? Алжығаннан саумысын!

Қасен шалдың макамы шорт үзілді. Біраз уақыт жер шүкүлап қалды да:

— Әй, құрдас-ай, соғыстың біткенине отыз жыл, тірі болса қайда жүр, — деп мінгірледі.

Жетпіс апа тіл қатқан жок, әңгімені бұдан әрмей өрбітсе, іштегі бітеу жараның аузын тырнайтынын біледі. Қайтып Қасеннің де жүзі ашылмады. Дастаркан жинағанша қипақтап өрең шыдады да, сүйретіліп сыртқа беттеді.

Қасеннің бір ауыз сөзі өмірінің бүгіні мен ертеңін жағастырып келген жалғыз сабак жібін шорт үзгендей болды. Күні бойы алақандай үйдің есік пен төріндегі шоқаңдар жүрді де қойды. Малға шөп салайын деп, қораның төбесіне шығып еді, қолында шелек жур екен. Онан сиыр саумак болған, қасқа сиыр да қасқыр көргендей аталаңдар, маңына жуытпай ит қылды.

— Қайтет, мына карасан келгір! — деп Жетпіс апа соңынан үмтүлған, қашаны ықтай қашқан сиыр өлденені данғыр еткізіп, төңкеріп кеткенде барып, кемпір қолындағы айырға көзі түсті.

— Құдай-ау, қартайтқаныңды қайтейін, алжытқаның не? — деп енді шелегіне жүтірді.

Күн қайтса болды, Жетпіс аpanың еңсесін зіл басады. Өйткені, күйбеңмен жүріп аядай үйдің тірлігін тамамдайтын ендігі ғұмыры да осымен таусылғандай қанырап отырып қалатын. Артынша шуак сөніп, әне-міне дегенше қара тұндік терезеге төнеді. Қаранғылық қоюланған сайын дәрменсіз кемпірдің басындағы дәнекерсіз ойлар қайтада

дан божып шыга келеді. Бірақ ол алдағы күннің қызығы, ертеннің қамы, уайымы емес. Келер күн күтпей-ақ келеді, атар таң онсыз-ақ атады. Оны қинайтын — өткен ғұмырдың көнілде қалған мұны мен алданышы, көнілдеға қалған сұртпақтай шолак сүрлеу. Осы сүрлеуді күн сағын шырылап өтсе де, жүрек түбіндегі жылт еткен болар болмас бір сәулені сөндірмей-ақ келіп еді. Ертенге жетелейтін сүйеніші де сол болатын.

Жетпіс апа төсегінің тұсында ілулі түрган өскери формалы жас жігіттің суретіне ұзак үнілді. Кенет баяғы бір таныс дауыс та жаңғырды.

— Апа, жыламашы, ораламын! Ораламын, жылама!

Көз алдындағы сурет бүгінде көптің көнілінен өшे бастаған көне бір елесті қайта тірілтіп еді.

...Кеңсе маңы қалтаған халық. Желкілдеген құрактай жетіп қалған оншақты жігітті кезек-кезек бауырына басқан аналар... Іштей қамығып, ет бауыры езіліп бара жатса да, жұрт алдында босамай, жалғыз ұлын үнсіз ііскең түрган міне, өзі. «Қалшы, апа» деп жалына тіл қатқан Жетпісті де тындармай жүріп келеді. Ауылдан шақырым ұзап шықканда, ең соңғы рет бетінен емірене сүйгенде, өзегі өртеніп сала берді. Сырт көзге сұық бауыр шығарып салуға бекінген жүрек бұдан соң шындармады, егілді-ай кеп. Арбалар ұзап барады. Майланаған донғалактар сықырлап, еніреген ала зары батқандай ыңырысып: «Оралады, жылама, оралады, жылама» дегендей болады...

Қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқытпай өсірген, көнілінің қуанышы мен жұбанышы болған жалғыз ұлдың бейнесі сол бір күздің сүркай суретіндегі онып, көз алдынан өшіп бара жатты.

Қанша жыл өтсе де осы бір елес сарғайған санасында сағыныш болып тұрып алатын өдеті. Әбігермен жүріп күндіз ұмытса да, түнде мұн боп қайта оралады. Қайта оралады да құлағының түбінен сол таныс дауыс тағы да айқайладап тұрады.

— Апа-а, ораламын, жыламашы! Ораламын!..

Әр хатының соңында «Ораламын» деуші еді. Әр хатының басында «Аманмын, апа» деуші еді. Кей азаматтардан қара қағаз келіп, жадау жандарды тұралатып кетсе де, бұл жамандық күтпейтін. Жетпістің келетініне сенетін. Хатты жіңі жазатын. Қырық бесінші жылдың көкек айына дейін

үзілген жоқ. Тек бір хабарында: «Апа, Берлингे бет бұрдық. Амандық болса аз күнде үйде боламын», — деді де үшкіл хаттар үшты-күйлі жоғалды.

Сол жылғы мамыр айы қандай тамаша еді. Ұзак уақыт арқаға аяздай бастаған соғыстың салмағын жұрт сілкіп тастап, кеудесін кенге салған кең пейіл күндер еді ғой. Кешегі көздерінен жас кетпеген әрбір үйдің көңілдеріне қуаныш толып, біреудің қаралы жаны біреудің қуанышымен қайта көгерे бастаған сәнді де жомарт көктем еді. Бүкіл Қызылқайың ауылының өлгені тіріліп, өшкені жанғандай, Жетпіс апа сондагы адамның жомарттығындағы телегей-теніз көңілді көрген емес. Кеше ғана сініріне сүйеніп, үзілмей келген сірі жандар бір-ақ күнде ток ішектей майланып шыға келді. Сол күнгі аспан да енді қайтып бүлттан-бастай алқа-қотан той үстіне аппақ нұрын септі де тұрды. Бірақ ол дәл сол күні Жетпіс апаның төбесіне найзағайын бір ойнатып кетіп еді-ау...

Кешкілік есік алдында жайбаракат отырған. Туған бауыры Хамит бастаған бес-алты шал айналма көшеден шығып тұра өзіне беттегенде, жүрегі дір ете тұсті. Хамит те мұны көріп іркіліп қалды. «Япыр-ай, Жетпістен бір жаманат әкеle жатпаса нетті. Сүмдық-ай! Сүмдық-ай!» Өз ойынан өзі шошыған Жетпіс апа тұра беріп, етпетінен құлады. «Кейін, кейін... Бәрін де кейін» деген Хамиттің сөзін құлағы шалды. Бұдан соң бейғам шаруамен кәүкілдесіп ете берген жұрттың ту сыртын ғана көріп қалған.

Жетпісім жуырда келеді деп жүрген Жетпіс апа содан бері сәл нәрседен секем алып, сәл нәрсеге сескене қарайтын болған. Әсіресе, Хамитті көрсе, қатты түршігеді. Қашанда бауыры оған бір сырды айта алмай мысы құрып, жасырып жүргендей көрінеді. Бірақ сан жылдарың сары жұрттыңда тапталып кеткен сол бір сары уайым да өші бастаған. Қара қағаз келгендер де қайта оралып жатты. Бұл да оған демеу. «Өлгендер қайтып келгенде, хабарсыздар ең болмағанда тірілердің санатында еді ғой» деп, өші бастаған үмітін үрлеп қоздататын. Хамиттен де жаманат естімеді. Қамқоршысы да, қорғаны да сол. Бірде Жетпіс апаның шөбін шауып жүріп:

— Әпке, — деген ол. — Әпке, қашанғы осы жеркепеде отыра бересің? Босқа тыртандарап өзінді қинама. Жасың

болса жер ортасынан ауып барады. Жетпісің келгенше бір жерден ошақ көтергеніміз жөн.

— Жок, — деді Жетпіс апа. — Сенің орның бір тәбе. Жеркепеде отырсам да, мен де бір шаңырақтын. Бұл ауылға келін бол түскенде, осы үйде бетім ашылған. Жетпісіме қанат байлаған да осы үй. Топырағы торқа болғыр кешегі жезденді де мәңгіле шығарып салған осы қара шаңырак. Бір үрпактың тұтінін өшір дегенің бе?

Хамит буынсыз жерге пышақ салғанын түсініп, қайтып жақ ашқан жок.

Одан бері де, міне, табаны құректей жиырма жыл өтті. Бауыры қинала қалса қасында, ауыра бастаса басында отырады. Тіпті оны қойып, совхоз басшылары да бәйек болып жүргені. Жаңа салынған үйлерден пәтер де бермек болды. Көнбекен тағы да кемпірдің өзі.

Жетпіс апа өте кеш жатты. Қасеннің манағы сөзінен кейін құлті көнілі баяғы құдігін қайта ояты да, сұғанақ ойлардың шырмауында сілесін әбден қатырып барып көз ілді...

— Апа, есік ашшы! Мен ғой, — мен — Жетпіс.

Құлағына дүбірлей жеткен тосын дыбыстан Жетпіс апа шошына тұрды. «Япирау, өнім бе, түсім бе? Не деді, әке, Жетпіс деді ме, қалай?» Есік тағы да тырсылдады.

— Апа, мен ғой, мен — Жеміс.

«Не деп кетті құрғыр, Жетпіс деді ме, Жеміс деді ме?» Ол еңкендей басып, есікті ашқанда, Қасен шалдың немесін көрді.

— Е, сен екенсің ғой. Кір, кіре ғой бүріспей. Немене, таң сәріден азан шақырып жүрмісің?

— Таң сәріңіз не, апа!.. Тал тұс болды емес пе, — деп қызы биялайын шешіп, қолын үқалады. — Сізге көмектесейін деп келдім. Ұсақ-түйек шаруаныз бар ма?..

— Жә, отыр, — деді оған Жетпіс апа, — сенсіз де шаруа бітер. Ербейіп маған сөрік болсан жетет те.

Қызы қымсына басып, көнетоз сырмактың үстіне келіп отырды.

Мал жайлай кеткен кемпір кешіккен соң, Жеміс ыдыс-аяқты қағыстырып көріп еді, осы үйде ғұмыры қазан көтеріліп, ас ішілмегендегі бәрі де тап-таза, қылау тимеген, еденде де көлденен жатқан шырлы жок, акыры осынным да қолғабыс шығар деп қайынның қабығын жыртып,